

1943 жылдан
басылымда
(6197)
07 наурыз
2026 жыл

Ел шебінде

ҚР ҰҚК ШЕКАРА ҚЫЗМЕТІНІҢ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

ОТАН САҚСНУСЫ

«ШЕКАРА АРУЫ - 2026» ЖЕҢІМПАЗЫ АНЫҚТАЛДЫ

10



ТАҢМЕН
ТАЛАСҚАН
ТӘРТИП

3



СЕРТИ –
АДАЛДЫҚ,
ҚАРУЫ –
ҚЫРАҒЫЛЫҚ

5



ШЕКАРА
РУХЫНА АДАЛ
ОФИЦЕР

10



Көктемнің шуағымен қатар келетін мереке – 8 Наурыз несіюкандылар мейрамы. Аруларды ерекше құрметке бөлеп қуаныш сыйлайтын осы күнді шекарашылар да айрықша атап өтті.

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында биыл екінші рет өткізіліп отырған «Шекара аруы - 2026» республикалық бейнебайқауы өз мересіне жетті. Биылғы жоба ерекше форматта өтті, ел шебінің шалғай бөлімшелерінде қызмет атқарып жүрген әскери қызметшілердің жұбайлары арасында бейнебайқау ұйымдастырылды.

Әскери-патриоттық қызметі басқармасының ұйымдастыруымен өткен байқауға Шекара қызметінің аумақтық бөлімшелерінен 14 үміткер іріктеу кезеңінен өтті. Арулар өздерінің шекаралық аймақтағы өмір-салтын, отбасылық тыныс-тіршілігін бейнелейтін бейнероликтерін ұсынды.

2026 жылдың 10–23 ақпан аралығында көрермендер бейнежұмыстарды Шекара қызметінің «Shekarakpb» Instagram парақшасында тамашалап, shekara_agu телеграм каналында лайықты аруларына ашық дауыс берді.

Сұлулық пен төзімділік, сабыр мен рух мықтылығы қатар сынға түскен бұл байқауда шекарашылардың жарлары отбасы құндылығы мен оның қоғамдағы рөлін дәріптеп әскери қызметтің мөрөйін үстем өтті.

23 ақпан күні дауыс беру аяқталып, жеңімпаздар есімі анықталды. Алғаш рет бейнеформатта өткізілген бұл байқауды 150 мың шынайы көрермен қарап 30 мыңнан астамы дауыс берді.

«Шекара аруы - 2026» бейнебайқауының қорытындысы бойынша бағы мен бабы қатар шапқан үздіктері: III орынды – Павлодар облысы

бойынша департаментінің аруы Маржан Чужаева (2228 дауыс), II орынды – Батыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің аруы Айназым Қабылтай (8451 дауыс), I орынды – Маңғыстау облысы бойынша департаментінің аруы Аружан Кулманбетова (8749 дауыс) иеленді.

Байқау жеңімпаздарын марапаттау рәсімі Шекара қызметі орталық аппаратында концерттік бағдарламамен салтанатты түрде өткізілді. Шекара қызметі директорының орынбасары генерал-майор Т. Джунусов жеңімпаздарды арнайы дипломдармен марапаттап, сый-құрмет көрсетті. Шекарашы ардагерлерінің «Застава тарландары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы генерал-майор М.Сабидолданов жеңімпаздарға ақшалай сертификат табыстады. Қалған қатысушылар арнайы дипломдармен марапатталып, аумақтық бөлімшелерінде құрметке ие болды.

Сондай-ақ, байқау өліміздің барлық өңірлерінде, телеарналарда, әлеуметтік желілерде, басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен насихатталды.

Осылайша Еліміздің қасиетті шекарасын күзетіп жүрген қырағы шекарашылардың сенімді тылы, отбасының шуағы бола білген арулардың өрлік үлгісі паш етілді. Жеңімпаздарды біз де жемісті жеңісімен құттықтаймыз.

Лейтенант А.КИРГИЗБАЕВ.
Суретті түсірген
қатардағы Д.ҚУАНЫШЕВ, «OS-CP».

ҚҰРМЕТТІ АРУЛАР!

Сіздерді көктемнің шуақты мерекесі – 8 Наурыз күнімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күн – сұлулық пен мейрімнің, даналық пен парасаттың, табандылық пен нәзіктіктің мерекесі. Қазіргі қоғамымызда ана тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өміріне және саяси мәселелерге, Отан қорғауға белсеңе араласатын қоғам мүшесі. «Отан – отбасынан басталады» деген ұғымға сәйкес, ананың қоғамдағы рөлі ерекше. Өйткені отбасының құты болған ана Отанға да адал қызмет етеді.

Осындай жоғары жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін күрделі де абыройлы жолды таңдап, әскери антқа адалдық танытып жүрген әрбір әйел әскери қызметшіге зор ризашылығымды білдіремін. Сіздердің кәсібиліктеріңіз, тәртіпке берік және қызметке адалдықтыңыңыз – жас ұрпаққа үлгі.

Сіздер тек сапта ғана емес, өмірде де мықтысыздар. Қызмет пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті сақтап, ұрпақ тәрбиелеп, елдің ертеңін қалыптастыруға үлес қосып келесіздер. Бұл – үлкен құрметке лайық миссия.

Осы айтулы мереке күні сіздерге зор денсаулық, баянды бақыт, отбасыларыңызға амандық пен береке тілеймін. Күндеріңіз шуаққа, жүректеріңіз сенімге, ал болашақтарыңыз жарқын жетістіктерге толы болсын! Көктем көңілдеріңізге шабыт, қызметтеріңізге жаңа табыстар әкелсін!

Ізгі тілекпен,

Қазақстан Республикасы
ҰҚК Төрағасының орынбасары –
Шекара қызметінің директоры
генерал-майор

Е. АЛДАЖҰМАНОВ





ПРАКТИКАЛЫҚ БАҒЫТ – БАСТЫ НАЗАРДА



Биылғы жылдың 23-28 ақпаны аралығында ҰҚК Шекара қызметі Қызметтік кинология басқармасында оқу-жаттығу жиыны өтті. Айта кетерлігі, бұл – 2020 жылдың наурызынан бастап, қайта жасақталған департаменттер мен шекара басқармаларының штаб бастықтары үшін алғашқы шара. Жиын мақсаты – офицерлердің теориялық дайындықтарын арттыру, басқару жүйесін жетілдіру, сондай-ақ заманауи талаптарға сай жоспарлау және ұйымдастыру жұмыстарын үйлестіру.

Жиынды Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары – Бас штаб бастығы полковник Б.Абсаматов ашты. Бауыржан Хамитұлы: «Атақты қолбасшы Бауыржан Момышұлы өзінің «Қанмен жазылған кітап» деген шығармасында: «Командир – әскердің миы, ұрысты ұйымдастырушы, жеңіске жеткізуші тұлға», деген. Ал штаб бастығы – яғни бүгін осы алаңда сап түзеген сіздер – командирдің бірінші орынбасарынан – сын сағатта әскери тума талантты, кез келген істе зеректік, алғыр-

лық, сергектік және принциптілік талап етіледі. Бұл қабілет – әр-біріңіздің бойларыңызда бар екеніне сенімдімін. Бүгін осы қабілет-қарымдарыңызды көрсету арқылы бір-біріңізбен тәжірибе алмасасыздар, – дей келіп, жиынның мақсатына тоқталды.

...Тоқталар болсақ, алдымен Шекара қызметінің бас штабы жиынға қатысушылармен дәріс өткізген соң кезек Қызметтік кинология басқармасының кинологтарына тиген. Мұнда олар қызмет иттерінің өнерін паш етіп, штаб басшыларының назарына көрме ұсынды. Лайықты бағасын беру керек, подполковник Қуаныш Түменбаевқа басқару тізгіні уақытша сеніп тапсырылған аталмыш басқарманың майталмандары шекараға қажетті қызмет иттерін даярлау ісінде зор жетістікке қол жеткізіп отыр. Республикалық, халықаралық деңгейдегі жарыс, көрмелерге қатысып, өздері үйреткен шекарашы иттер аламан бәйгелерден жеңіссіз оралып көрген жоқ. Бұған қоса, Қызметтік кинология басқармасы соңғы жылдары ұлттық брендтімізге айналған тазы мен қазақы төбеттерді қызметке баулуға ден қойған.

Дәлдік пен кәсібилік. Жиын кезінде подполковник Сәбит Нүсіпжан басқаратын ҰҚК Шекара қызметі Арнайы мақсаттағы

басқармасының жеке құрамы ҰҚК Шекара академиясының Қараойдағы полигонында өнер көрсетті. Бұл жерде офицерлер аталмыш басқарманың қамтамасыз етілген заманауи үлгідегі техникалар мен қаруларын тамашалаумен шектелген жоқ. Ұрыс жағдайындағы брондалған техникаларын тізгіндеп, «GLOCK» деп аталатын тапаншадан нысана кездеуден жарысты. Қуанарлығы сол, мергендік танытудан I-орынды сонау Ақтөбе облысынан ат арылтып жеткен полковник Берік Бұзаушиев жеңіп алса, екінші

Әрі жиын жетекшісі полковник О.Колесниковтың алдында сынақ тапсырды.

Жұма. Жиынды қорытындылайтын күн де алыс емес. Бүгін офицерлер ҰҚК Шекара академиясының оқумен қамтамасыз ету басқармасында болып, осында ұйымдастырылған дөңгелек үстелге қатысты. Штаб бастықтарының басын қосқан отырыста айтылған, көтерілген, ортаға салынған мәселелер аз болған жоқ. Осындағы оқу шекара бөлімшелерінің бірінде болған шараның соңы шека-

барып, бір кездері өздері білім алған ыстық ұямен қайта қаулышқандай болған. Үлгілі саналатын казарманы аралаған соң офицерлерге «Көшпенді» арнайы шекара машинасының өзі көрсетілді. Сонымен қатар, полковник О.Колесников бастаған қонақтар өзге де нысандарды аралап көріп, Шекара академиясының соңғы жылдары қол жеткізген жетістіктерімен танысты.

Міне, Шекара қызметінің штаб бастықтары бір-бірімен тәжірибе алмасып қана қоймай, өздерінің кәсіби біліктіліктерін көтерді.



жұлделі орынды «Алматы» шекаралық бақылау басқармасының штаб бастығы полковник Нар-Сәбит Жанмолдаев қанжығасына байлады. Бәрекемді!

Топтық жаттығу. Мұнда штаб бастықтары үш топқа бөлініп, шартты шекара бұзған жаудың бетін қайтаруды қажет ететін іс-әрекетті, жауынгерлік әзірлікті пысықтады. Картамен жұмыс істей білетіндерін көрсетті. Осылай, шешім қабылдау, мақсатты айқындау және олардың орындалуын талап ету секілді командалық дағдыларын жетілдірді.

рашылар білім ұстаханасының полигонына бас-көз болып отырған басқармада ұласты. Орайы келгенде айту керек, бұл жолы кезек академияның ғылыми қызметкерлеріне тиген. Сол-ақ екен, Ғылыми қызмет басқармасының қауымдастырылған профессоры полковник Максим Бурьян бастаған ғалымдар мен докторанттар оқу ордасында болып жатқан ғылыми жаңалықтарымен бөлісуге білек сыбана кіріскен.

Ал түстен кейін штаб бастықтары Шекара академиясына

Білімдерін көрсетті. Арасында Алматы облысы бойынша департаменті мен Қызметтік кинология және Техниканы және қару-жарақтарды жөндеу басқармаларының өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламаны тамашалады. Қараой ауылының мәдениет үйінде өткен мәдени шараға жергілікті өнер иелері де белсене атсалысқан.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-CP». Суреттерді түсірген автор.

ШАЛҒАЙДАҒЫ БӨЛІМШЕ

ҮЗДІК КӨРСЕТКІШ – ЖҮЙЕЛІ ЕҢБЕКТИҢ НӘТИЖЕСІ

2025 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментіне қарасты Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасының «Қызыл» шекара бөлімшесі «Үздік шекара бөлімшесі» атанды. Бұл жоғары марапат бөлімше бастығы капитан Бақберген Бердіқожаның білікті басшылығы мен жеке құрамның ұйымшыл еңбегінің айқын нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – аса жауапты әрі күрделі міндет. Осы бағытта «Қызыл» шекара бөлімшесінің жеке құрамы тәулік бойы қырағылық танытып, қызметтік-жауынгерлік міндеттерді жоғары деңгейде орындап келеді. Бөлімше бастығы капитан Бақберген Бақытқожаұлының талапшыл да әділ басшылығының арқасында жеке құрамның кәсіби дайындығы нығайып, тәртіп пен жауапкершілік басты қағидаға айналған.

Капитан Бақберген Бердіқожа үшін әскери қызмет – жай ғана міндет емес, Отан алдындағы қасиетті борыш. Ол қарамағындағы сарбаздарға үлгі бола отырып, тәртіп, табандылық пен отансүйгіштік рухын қалыптастыруға баса мән береді. Бөлімше қызметінде өзара сенім мен жауапкершілікке негізделген жұмыс жүйесі қалыптасқан.

«Үздік шекара бөлімше» номинациясын иелену – «Қызыл» шекара бөлімшесінің бір жыл бойғы табанды еңбегіне берілген жоғары баға. Бұл жетістік алдағы уақытта да мемлекеттік шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы қызметкерлердің жігерін арттырып,



жаңа белестерді бағындыруға сергін беретіні сөзсіз.

Жыл қорытындысы барысында департамент бастығы полковник Бауыржан Ерсайинович Садыков үздік нәтижеге қол жеткізген бөлімшелер мен әскери қызметшілерді марапаттай отырып, жеке құрамға маңызды ой тастады. Ол өз сөзінде шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында адал қызмет етіп, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген ұжымдар әрдайым өзгелерге үлгі болуы тиіс екенін атап өтті.

– Үздіктерге қарап бой түзеу – кәсіби дамудың басты кепілі. Әрбір шекарашы өз қызметіне жауапкершілікпен қарап, тәртіп пен талапты күшейтуі қажет, – деді департамент бастығы. Сондай-ақ ол жеке құрамның жауынгерлік рухын көтеру, кәсіби даярлығын арттыру және тәртіпті нығайту бағытындағы жүйелі жұмыстың маңыздылығына ерекше тоқталып, мұндай жетістіктер бүкіл департаменттің абыройын асқақтататынын атап көрсетті.

Отан тыныштығын күзеткен шекарашылардың қажырлы еңбегі әрдайым құрметке лайық. «Қызыл» шекара бөлімшесінің жетістігі – ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолындағы адал қызметтің жарқын көрінісі әрі жеке құрамның кәсіби шеберлігінің айқын дәлелі болып табылады.

Подполковник Ф. БАКЕТОВ, «OS-CP». Сурет департаменттен.



ТАҢМЕН ТАЛАСҚАН ТӘРТІП

Бөлімшенің сарбаздары күндіз-түні Отан шебін күзетіп, ел тыныштығы мен қоғам қауіпсіздігін қорғау жолында тынымсыз еңбек етуде. Таулы өңірдің қатаң табиғаты мен құбылмалы ауа райы олардың жігерін жасыра алмайды. Әрбір жас жауынгер үшін бұл тек әскери міндет қана емес, туған жердің әр сүйемін көздің қарашығындай сақтау деген қасиетті ұғыммен сабақтас. Шекара бөлімшелерінде қызмет атқарып жүрген сарбаздар үшін әскери өмір – нағыз шындалу мектебі. Мұнда олар тек қару асынып, саптық дайындықты меңгеріп қана қоймайды. Күнделікті әскери тіршілік, шекара күзетінің тактикасы, қатаң тәртіпке бағыну – жас буынның бойына отансүйгіштік пен жауапкершілік дәнін себеді.

Бөлімше бастығы аға лейтенант Мадияр Тулебаев – жас болса да, сенім үрдесінен шығып жүрген білікті офицер. Ол өз ұжымына талапшыл басшы бола отырып, сарбаздарға ағалық қамқорлығын да танытады. Тәртіп пен әділдікті қатар ұстанып, әр жауынгердің кәсіби деңгейінің өсуіне ерекше мән береді. Оның басшылығымен бөлімшеде ұйымшылдық пен жауапкершілік жоғары деңгейде қалыптасқан.

Биылғы жылдың өзінде бөлімшенің қызметтік-жауынгерлік іс-әрекеті мемлекеттік шекара маңында шекаралық режимді бұзған бірқатар құқық бұзушылар анықталып, тиісті шаралар қабылданды. Бұл – бөлімше жеке құрамының қырағылығы мен үйлесімді әрекетінің нақты нәтижесі. Әрбір дерек дер кезінде тіркеліп, заң талаптарына сәйкес рәсімделуде.

«Қасық» шекара бөлімшесінің сарбаздарына жүктелген міндет жеңіл емес.

Жамбыл облысының Қордай ауданындағы шекара шебі қашан да қырағылықты, төзімділікті және темірдей тәртіпті талап етеді. Сол жауапты аймақтағы сенімді тіректердің бірі – Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қасық» шекара бөлімшесі.



Олар заманауи бақылау құралдарын пайдаланып, шекара шебін тұрақты қадағалауда ұстайды. Қажет болған жағдайда атпен, арнайы техникамен немесе шолғын шекара нарядтары арқылы кез келген қауіптің алдын алуға дайын. Бұл – шекарашы антына адалдықтың көрінісі.

Әрбір қырағы түн, әрбір жауапкершілікпен атқан таң – ел болашағына деген сенімнің айғағы. Шекара бойындағы тыныш өмірдің артында көзге көп көрінбейтін, бірақ маңызы зор еңбек тұр. «Қасық» шекара бөлімшесінің жауынгерлері – сол бейбіт күннің берік

қалқаны, мемлекет шебінің айнымас сақшылары.

**Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН,
«ОС-ЧР». Суретті
түсірген автор.**



ЕЛ ШЕБІНДЕГІ – «ЫНТАЛЫ»

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы – ел тәуелсіздігінің айғағы, қауіпсіздігінің берік қалқаны. Осы шекараны күн-түн демей күзетіп, ел тыныштығын сақтап тұрған бөлімшелердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Панфилов ауданы бойынша шекара басқармасы «Ынталы» шекара бөлімшесі.

Бөлімшенің тарихы 1947 жылдың маусым айынан бастау алады. Сол уақыттан бері «Ынталы» шекара бөлімшесі ел шебін қорғау жолында талай кезеңнен өтті. Әр жылдары бөлімшені басқарған офицерлер өз міндеттерін абыроймен атқарып, жауынгерлік қызметке үлес қосты. Олардың еңбегі – бүгінгі тұрақтылық пен тәртіптің негізі.

Қазіргі таңда бөлімшені капитан Бағлан Сейітжан басқарады. Ол әскери қызметті саналы түрде таңдаған, адал офицер. ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, түрлі шекара бөлімшелерінде тәжірибе жинақтаған. Қызмет барысында шекара бұзушыларды анықтап, олардың жолын кесуге бірнеше рет себепші болған. Жауапты қызметтің қиындығына қарамастан, ол өз міндетін адал атқарып, бөлімшенің жауынгерлік дайындығын жоғары деңгейде ұстап келеді.

Бөлімше басшысының орынбасарлары да жас ері кәсіби мамандар қатарынан. Аға лейтенант Ерасыл Пактан және лейтенант Бекжан Сапарбай – әскери білім алған, спортта да жетістікке жеткен офицерлер. Олар жеке құрамды тәрбиелеуде, жауынгерлік дайындықты жетілдіруде және тәртіпті нығайтуда маңызды рөл атқарады.

«Ынталы» шекара бөлімшесінің негізгі міндеті – мемлекеттік шекараны қорғау, заңсыз әрекеттердің алдын алу және ше-

кара режимінің сақталуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта бөлімше сақшылары тәулік бойы қызмет атқарып, шекара аймағында тұрақты бақылау жүргізеді.

Соңғы жылдары бөлімше аумағында мемлекеттік шекараны бұзу фактілері тіркелмеген. Бұл – шекарашылардың қырағылығы мен кәсіби шеберлігінің нәтижесі. Сонымен қатар шекара режимін бұзған азаматтарға қатысты әкімшілік шаралар қолданылып, құқықтық тәртіп қамтамасыз етілуде. Мысалы, соңғы жылдары ондаған азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Шекара қызметі – үлкен жауапкершілік пен төзімділікті талап ететін мамандық. Қиын табиғи жағдайлар, тәулік бойғы күзет, жоғары тәртіп – мұның барлығы шекарашылардың күнделікті өмірінің бір бөлігі. Осындай сынақтарға қарамастан, «Ынталы» шекара бөлімшесінің жеке құрамы Отан алдындағы борышты адал орындап келеді.

Қорытындылай келе, «Ынталы» шекара бөлімшесі – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын, кәсіби және жауапты ұжым. Олардың еңбегі – тыныш өміріміздің кепілі, тәуелсіздігіміздің тірегі!

**Подполковник
М. ҚАРЕКЕНОВ, «ОС-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.**



СЕРГЕКТІК ПЕН СЕНІМ ШЕБІ

«Сарыағаш» шекара бөлімшесі Сарыағаш қаласының бойымен 10 шақырымнан астам мемлекеттік шекара шебін күзетеді. Қызметінің басты ерекшелігі де – шекара сызығы елді мекендерге тым жақын орналасқан. Бұл жағдай жеке құрамнан жоғары қырағылық пен жедел әрекет етуді талап етеді. Бөлімше аумағында екі

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі Түркістан облысы бойынша департаментінің Сарыағаш ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Сарыағаш» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараны қорғау ісіндегі стратегиялық маңызы зор құрылымдардың бірі. 2014 жылы құрылған бөлімше бүгінгі таңда оңтүстік шептегі тұрақтылық пен құқықтық тәртіптің сенімді қалқанына айналып отыр.



бақылау-өткізу пункті қызмет атқарады: «Сарыағаш» (теміржол) және «Қапланбек» (автомобильді) шекаралық бақылау бөлімдері. Аталған бөлімдер арқылы тәулігіне мыңдаған жолаушы мен көлік құралдары өткізіліп, шекаралық режимнің сақталуы қамтамасыз етіледі. 2025 жылы бөлім-

шенің материалдық-техникалық базасы едәуір нығайтылды. Шекара аумағына жаңа үлгідегі бейнебақылау камералары орнатылып, «Багги» және «Toyota Hilux» автокөлігімен толықтырылды. Сонымен қатар, түнгі көру құрылғылары (тепловизор) іске қосылды. Бұл жаңғырту шаралары

шекара күзетінің тиімділігін арттырып, құқықбұзушылықтардың алдын алудағы мүмкіндіктерді кеңейтті.

Бөлімше бастығы капитан Арман Акпаров – кәсіби даярлығы жоғары, тәжірибелі офицер. Әр жылдары Алматы облысы бойынша департаментінің «Нарынқол» шекара бөлімшесінде, Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты «Жібек жолы» шекара бөлімшесінде жауапты лауазымдарда қызмет атқарды. 2022 жылдың қазан айынан бастап «Сарыағаш» шекара бөлімшесінің бастығы қызметіне тағайындалып, қазіргі таңда бөлімшенің жауынгерлік әзірлігі мен қызметтік тәртібін нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Бөлімше бастығының орынбасары – аға лейтенант

Нұржан Беккен. Ол Ш.Уәлиханов атындағы кадет корпусында білім алып, Шекара академиясын 2023 жылы аяқтаған. Қызмет барысында кәсіби біліктілігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен ерекшеленіп келеді.

Соңғы жылы «Сарыағаш» шекара бөлімшесі бірқатар маңызды нәтижелерге қол жеткізді: ҚР көші-қон заңнамасын

бұзған 827 жуық тұлға ұсталды, шекаралық аймақта болу режимін бұзған 12 дерек анықталды, мемлекеттік шекараны бұзудың 14 жуық әрекетіне тосқауыл қойылды. 2025 жылы Өзбекстан Республикасынан заңсыз өтуге әрекеттенген Бангладеш азаматтары ұсталды. Бұл көрсеткіштер бөлімше жеке құрамының тәулік бойы жүргізген табанды еңбегінің нақты айғағы.

Бөлімше тек шекараны күзетіп қана қоймай, жастар арасында әскери-патриоттық тәрбиені де жүйелі түрде жүргізеді. Сарыағаш ауданы Сіргелі ауылындағы №36 К.Тоқмұхамедов атындағы орта мектепте «Жас шекарашы» үйірмесімен бірлескен жұмыс ұйымдастырылған. Нәтижесінде 2025 жылы 4 оқушы жоғары әскери оқу орнына оқуға түсті. Бұл – шекарашы мамандығына деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

«Сарыағаш» шекара бөлімшесі – мемлекеттік шекараның оңтүстік қақпасын сенімді күзетіп отырған кәсіби ұжым. Заманауи техникамен жабдықталған, тәжірибелі басшылыққа сүйенген, тәртіп пен жауапкершілікті ту еткен бұл бөлімше ел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында өз міндетін абыроймен атқаруда.

Подполковник
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.

ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ ДҮРБЕЛЕҢ: ОТАНДАСТАРЫМЫЗ ЕЛГЕ ОРАЛДЫ

Бүгінде әлем көзін тіккен Израиль мен АҚШ-тың Иранға жасаған соққылары Таяу Шығыстың астан-кестенін шығарғанына да бірнеше күн өтті. Бұл – осы аумаққа жақын елдердің тыныштығын әп-сәтте әлем-тапыраққа айналдырып сала берді. Осылайша Иран елін 38 жыл билеген аятолла Әли Хаменеидің зымырандық соққылар салдарынан қаза тапқанын әлемдік ақпарат агенттіктері жарыса жазды. Осылай жалғасқан оқиғалар да халықтың жіті назарынан тыс қалған жоқ.

СІМ отандастарды елге қайтару үшін жедел желілерді іске қосты. Құзырлы органдармен бірлесіп, қақтығыс өршіген аймақтан азаматтарды эвакуациялау шараларын ұйымдастырды.

қолдау көрсетілді. Кейін осы бағыт бойынша 200-ге тарта қазақстандықтан тұратын екінші топтың ұшуы жоспарланған. Осылайша, жалпы саны 467 Қазақстан азаматы елге оралды. Бұл кешегі күннің еншісіндегі жаңалық.

Сонымен қатар, әуе рейстерінен бөлек эвакуация жерүсті бағыттары арқылы да жүзеге асырылып жатыр. Атап айтқанда, Қазақстанның Тегеран, Ашхабад және Горгандағы мекемелері Иран-Түрікменстан шекарасындағы «Инчебурун» өткізу пункті арқылы 15 ҚР азаматының қауіпсіз өтуін қамтамасыз етті. Оларға әрі қарай Ақтау қаласына жетуіне қажетті қолдау көрсетілді.

Енді міне, осы аптаның сейсенбісінде Flydubai әуе компаниясы БАӘ астанасы Дубайдан Астана және Алматы қалаларына екі эвакуациялық рейс орындағаны белгілі болды. Көлік министрлігінің мәліметінше, 300-ден астам қазақстан елге оралып, туғандарымен қауышты. Осылайша Дубайда сирена үні естіп, жарылыстардың куәсі болған отандастарымызды бірінші болып, ҰҚК Шекара қызметінің «Астана» және «Алматы» шекаралық бақылау басқармаларының шекарашылар қарсы алды.

Бүгінге дейін елімізге Таяу Шығыс елдерінен мыңға тарта жолаушы қайтарылған.

ҚР Журналистер одағының мүшесі, әскери журналист
Т. ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».
Сурет шекаралық бақылау басқармасынан.



Иран Ислам Республикасының төңірегіндегі шиеленіске байланысты Қазақстанның Сыртқы істер министрлігі ондағы отандастарымызға жағдай тұрақталғанға дейін соғыс өрті тұтанған елге барудан уақытша бас тартуды ұсынды. Қазіргі жағдайды назарға алып, жауапкершілікпен қарауға шақырды. Дегенмен, қазақ атамыз «апат айтып келмейді» демекші, 28 ақпанда өзіне соққы қабылдаған Иран билігі де қарап қалмап еді. Көп ұзамай, Израильды, АҚШ-

пен байланысы тығыз көршілес араб елдеріне де зымырандарын ұшырып, Парсы елдеріне жататын Бахрейн, Кувейт және Иорданияда сиреналардың дауыстары үздіксіз естіліп жатты. БАӘ астанасы Абу-Дабидің көк тіреген зәулім ғимараттары мен әуежайына шабуыл жасалды. Сөйтіп, әп-сәтте-ақ астан-кестені шыққан Таяу Шығыстағы ахуалдың ушығуына байланысты еліміз Иран, Израиль, Сирия, Ирак, Иордания және Ливан әуе кеңістігінің үстінен, шегінде және

маңында ұшуға толық тыйым енгізді. «Air Astana» компаниялары тобы Таяу Шығыс елдеріне барлық рейсті тоқтатты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен барлық күштік құрылымдар тәуліктік жұмыс кестесіне көшірілді. Үкіметте Сыртқы істер министрлігі жетекшілік жасайтын арнайы мониторинг тобы жұмысқа кірісті. Өңір әкімдеріне Таяу Шығыста болып жатқан жағдайды ескере отырып, шешім қабылдау тапсырылды.

Жолаушылардың негізгі бөлігі Маскат – Алматы бағыты бойынша екі арнайы рейспен елге жеткізілетін болды.

Белгілі болғандай, сейсенбі күні таңертеңгі уақытта 278 қазақстандықтан құралған алғашқы топ Дубайдағы ҚР Бас консулдығының қызметкерлерімен бірге Маскатқа қарай жерүсті көлігімен жолға шықты. БАӘ және Оман шекарасында азаматтарға шекаралық рәсімдерден жедел өтуді қамтамасыз ету үшін консулдық



СЕРТІ – АДАЛДЫҚ, ҚАРУЫ – ҚЫРАҒЫЛЫҚ


Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаменті Қордай ауданы бойынша шекара басқармасы «Қордай» шекаралық бақылау бөлімі – Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы ең ірі бақылау-өткізу бөлімі. Күн сайын мұнда мыңдаған адам, жүздеген жүк көлігі өтеді. Шекарадан өтіп бара жатқан әр адамның жолы – заң аясында тексеріледі, әр сөмке – ашылады, әр құжат – сканерден өтеді.

Бұл жұмыстың сырт көзге байқалмайтын ішкі иірімдері бар. Себебі бұл жерде жұмыс тек техникамен емес, адамның ішкі түйсігімен, тәжірибемен, батыл шешіммен, жылдам реакциямен орындалады.

Шекаралық бақылау бөлімінде уақыт тоқтамайды. Себебі шекара – тоқтамайтын тіршілік. Кез келген сәтте кез келген жағдайда шешім қабылдау – бұл жердің басты ерекшелігі. Бір сәттік қателік – мемлекеттік қауіпсіздікке қатер. Сондықтан мұндағы әр қызметкердің серті – адалдық, ал қаруы – қырағылық.

«Қордай» шекаралық бақылау бөлімінің сарбаздары – өз ісінің нағыз мамандары. Ал бөлім қызметін жіті меңгерген бастығы – майор Адлет Бектенбаев. Ол үшін шекара – жай қызмет емес, бұл – өмір салты. Қызметтің қиындығы да, салмағы да орасан. Айнала қозғалыс, шу, кезек күткен жүздер, түсініксіз жүк, белгісіз бағыттар – бәрі де осы бөлімнің күнделікті көрінісі.

Алайда осы тынымсыз қозғалыстың ар жағында нақты нәтижелер тұр. Қызметтік-жауынгерлік қызмет барысында мемлекеттік шекара арқылы есірткі заттарын заңсыз алып өту әрекеттері анықталып, жолы кесілді. Заңсыз айналымдағы атыс қаруы мен оқ-дәрілер тәркіленді. Тыйым салынған діни сипаттағы әдебиеттер мен жалған құжаттарды пайдалану деректері әшкереленді. Сонымен қатар, өткізу пунктінде белгіленген режим талаптарын бұзу фактілері дер кезінде анықталып, тиісті шаралар қабылданды.



Бұл – жай статистика емес. Бұл – дер кезінде қабылданған шешімнің, қырағылықтың, кәсіби сергектіктің нәтижесі. Әрбір анықталған құқықбұзушылықтың артында – ел қауіпсіздігін қорғау мақсаты тұр.

Халқымызда «Шекарасыз ел болмайды, шекарасыз тыныштық та болмайды» деген ұғым бар. Осы ұғымның тірі дәлелі – Қордай шекаралық бақылау бөлімінің әскери қызметшілері. Олар тыныштықты күзетеді, бейбітшілікті қорғайды. Бұл – естір құлаққа қарапайым сөз секілді болғанымен, шын мәнінде, шекарашының жүрегінде үлкен жауапкершілікпен жаңғыратын ұғым.

Қазіргі таңда бөлімнің жұмысы цифрлық технологиялармен де қаруланған. Құжаттарды биометрикалық жүйемен тексеру, жүкті сканерлеу, шекара бойын бейнебақылау арқылы қадағалау – бұл бөлімнің тыныс-тіршілігінің бөлінбес бөлшегіне айналған. Алайда, ең бастысы – адам факторы. Себебі технология сезбегенді – жүрек сезеді.

Бұл бөлімнің қызметі кейде көзге көрінбейді. Бірақ елдің тыныштығы мен қауіпсіздігі – дәл осы көрінбейтін тіршіліктің арқасында сақталып келеді. Қордай – Қазақстанның қақпасы ғана емес, оның рухани шебі де. Ал сол шепті күзетіп жүргендер – болашақтың бұзылмас қорғаны.

Капитан
А. ЖЕКСЕНБИН, «ОС-ЧР».
Сурет бөлімшеден.

ЖЕНСКАЯ СМЕНА НА ВОЗДУШНЫХ ВОРОТАХ



Для отделения пограничного контроля «Петропавловск» (авиационное) 43 рейса в год – это 43 экзамена на профессионализм. А семь с половиной тысяч лиц – это не просто цифра служебно-боевой деятельности. Это семь с половиной тысяч проверенных документов, семь с половиной тысяч внимательных взглядов, семь с половиной тысяч решений, за каждым из которых стоит государственная граница.

Отделение небольшое. Рейсы – в среднем раз в десять дней. Но именно в таких условиях особенно важна постоянная готовность. Здесь нельзя «разогнаться» потоком пассажиров – каждый борт требует полной концентрации. Каждое прибытие – как первое.

Сегодня основную нагрузку в подразделении несут женщины. Младший сержант Гульжан Мухамеджанова – человек с серьезной школой службы. Когда-то именно она держала на своих хрупких плечах склад горюче-смазочных материалов – участок, где нет права на ошибку. Четкий учет, строгая отчетность, ответственность за ресурсы – все это закалило характер. Сегодня ее спокойствие и собранность – опора смены. В работе она немногословна, но предельно точна.

Ефрейтор Альбина Капинос – стратег не только на службе, но и за шахматной доской. В 2024 году она защищала честь Департамента на городском турнире по шахматам. Умение просчитывать ходы, сохранять выдержку и видеть ситуацию шире – качества, которые в пограничном контроле особенно ценны. За внешней мягкостью – внутренняя дисциплина и спортивный характер.

Ефрейтор Айнаш Нурсейтова в свое время была признана лучшим контро-

лером Департамента ПС по СКО. Это признание – результат системной работы, глубокого знания нормативной базы и безупречной внимательности. Она из тех специалистов, кто замечает детали, которые другие могут упустить.

Примечательно, что ровно 25 лет назад воинская часть начинала свою историю именно на базе пункта пропуска «Петропавловск» (авиационное). С этого небольшого участка фактически формировались традиции подразделения, его стиль и профессиональная планка. И сегодня эти традиции достойно продолжают женщины в погонах.

В их службе нет громких эпизодов. Есть системность и дисциплина. Есть внутренняя готовность к любому развитию ситуации.

В преддверии женского праздника – 8 марта, особенно ясно понимаешь: женщины в погонах – это профессионалы, на которых держится реальная, ежедневная работа. Там, где начинается воздушная граница страны, их внимательный взгляд – первая линия защиты.

И пока есть такие смены – спокойные, собранные, надежные – Государственная граница под надежным контролем.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «ОС-ЧР».
Фото из подразделения границы.





КОНСТИТУЦИЈАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдум аясында еліміздің әр өңірінде түсіндіру жұмыстары белсенді жүргізілуде. Осыған орай Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі директорының орынбасары полковник Даулет Дюсембеков Павлодар облысы бойынша департаментінің жеке құрамымен кездесу өткізді.



Жиын барысында әскери қызметшілерге Конституцияға енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың маңызы кеңінен түсіндірілді. Полковник Д. Дюсембеков атап өткендей, ұсынылып отырған конституциялық жаңартулар еліміздің саяси жүйесін одан әрі жетілдіруге, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нығайтуға бағытталған. Сонымен қатар адам мен азаматтың құқықтарын қорғау, заң мен тәртіптің үстемдігін қамтамасыз ету, қоғамдағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру мәселелері де кеңінен талқыланды. Өз сөзінде ол шекарашылардың күнделікті қызметі заң талаптарын мүлтіксіз сақтаумен және мемлекеттің қауіпсіздігі үшін жоғары жауапкершілікпен тығыз байланысты екенін атап өтіп, Конституция қағидаттарын терең түсіну әрбір әскери қызметші үшін кәсіби міндет қана емес, азаматтық парыз екенін жеткізді.

Кездесу барысында Павлодар қаласының жалпыұлттық коалиция мүшесі

Вячеслав Починок те сөз сөйлеп, референдумның ел болашағы үшін маңызды қоғамдық-саяси қадам екенін атап өтті. Оның пікірінше, Конституциялық реформалар қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға, заңның үстемдігін нығайтуға және әр азаматтың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге бағытталған. Сонымен бірге, ол әскери қызметшілердің мемлекет мүддесі жолындағы жауапкершілігі жоғары қызметін атап өтіп, құқықтық өзгерістердің мәнін дұрыс түсіну – ел тағдырына бейжай қарамаудың көрінісі екенін жеткізді.

Ел шекарасындағы тыныштық пен қауіпсіздік – тәуелсіздігіміздің берік негізі. Ал сол шепті күзетіп тұрған шекарашылар үшін мемлекетіміздің Ата заңы – қызметтің де, жауапкершіліктің де темірқазығы.

Майор Г. САДЫКОВА, «ОС-ЧР».
Сүрет департаменттен.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
КАУІПСІЗ КАЗАҚСТАН ҮШІН!

2026 жылғы 15 наурызда Конституцияға арналған республикалық референдум қарсаңында ҰҚК Шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің шекара бөлімшелерінің жеке құраммен кең ауқымды түсіндіру және ақпараттық-идеологиялық жұмыстары ұйымдастырылды.

Атап айтқанда, 28 ақпанда «Сартөбе» (автокөліктік) шекара қызметі Жамбыл облысы бойынша департаментінің шекара қызметінің бастығының орынбасары полковник А.Баяхметов Сартөбе ауылдық округінің әкімі Р.Фушанломен бірлесіп жеке құраммен кездесу өткізді. Кездесу барысында алдағы референдумның маңыздылығы, оның мемлекет дамуы мен құқықтық жүйені жетілдірудегі рөлі жан-жақты түсіндірілді.

1 наурыз күні дәл осындай мазмұндағы кездесулер «Қордай» және «Қарасу» (автокөліктік) шекаралық бақылау бөлімдерінде жалғасын тапты. Жеке құрамға Конституцияның ел тұрақтылығы мен қоғамдық келісімді қамтамасыз етудегі стратегиялық орны, әрбір азаматтың саяси белсенділігі мен құқықтық мәдениетінің маңыздылығы атап өтілді.

Іс-шаралар барысында әскери тәртіп пен қызметтік әдеп нормаларын сақтау мәселелері де кеңінен қозғалды. Полковник А.Баяхметов әскери қызметшілердің заң талаптарын мүлтіксіз орындауы, ішкі тәртіпті қатаң ұстануы – мемлекеттің қауіпсіздігі мен шекара тыныштығының негізі екенін ерекше атап өтті. Сонымен қатар, ҚР ҰҚК Шекара қызметіне үміткерлерді іріктеу жұмыстары туралы ақпарат беріліп, әскери қызметтің артықшылықтары мен кәсіби даму мүмкіндіктері түсіндірілді. Жас сарбаздар мен келісімшарт бойынша қызмет атқаруға ниетті азаматтарға қойылатын талаптар, моральдық-психологиялық дайындық және дене дайындығының дең-



гейі жөнінде нақты мәліметтер жеткізілді.

Алдағы референдум – әр азаматтың ел тағдырына бейжай қарамай, саналы таңдау жаса-

уына берілген мүмкіндік. Шекара қызметінің жеке құрамы да бұл маңызды саяси науқанда заң талаптарына сай, жоғары жауапкершілікпен қатысуға дайын.

Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ,
«ОС-ЧР».
Сүрет бөлімшеден.

РЕФЕРЕНДУМДЫ ТҮСІНДІРУ ЖҰМЫСТАРЫ ӨТТІ

Конституция – мемлекеттің басты заңы ғана емес, ел болашағының құқықтық тұғыры. Ал шекарашылар үшін Ата Заңға адалдық – қызметтік борыштың ажырамас бөлігі. Осы бағыттағы жүйелі түсіндіру жұмыстары жеке құрамның құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, олардың азаматтық жауапкершілігін нығайтуға да ықпал етеді.



НӘЗІКТІК ПЕН ТАБАНДЫЛЫҚ ТАҒЫЛЫМЫ

**Отан! Отан!
Бәрінен биік екен.
Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.
Отанды сүймеуің де күйік екен,
Отанды сүйгенің де күйік екен...
Мұқағали Мақатаев**

Көктемнің алғашқы сәулесіндей жылы, нәзік мереке – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында біз ерекше жандарды еске аламыз. Ел қауіпсіздігі жолында адал еңбек етіп, иығына әскери шенді абыроймен таққан жүрегіңдегі мейірімділікті сақтап қалған әйелдердің бірі – подполковник Сара Исакова. Оның өмір жолы – табандылық пен кәсібилік сабақтастығының айқын үлгісі.

Сара Амангелдіқызының кәсіби дамуы ерекше: шекара қызметінде ашылған жылдық курсқа қабылданып, 2002 жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің



Әскери институты «Шекаралық бақылау бөлімшелерін басқару» мамандығын тәмамдады. Бұл кезең оның кәсіби өсуінің негізі болып, болашаққа нық қадам болды.

Кейінгі жылдар оның тәжірибесін шыңдай түсті: Шекара қызметінің Орталық аппаратында және шекарадағы бөлімшелерде маңызды қызметтер атқарды, халықаралық өткізу пункттерінде бөлімшелердің әскери қызметін ұйымдастырды, стратегиялық жоспарлау мен талдау жұмыстарын жүргізді. Ал оның ерекше жетістігі – «Жезқазған» шекаралық бақылау бөлімшесінің бастығы болып, осы бөлімді басқарған жалғыз әйел офицер болуы. Бұл – көшбасшылық қасиет пен кәсіби шеберліктің нақты дәлелі.

Сара Амангелдіқызы әрдайым білімін жетілдіріп, әкімшілік өндіріс, есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл жалған құжаттарды анықтау, өткізу пункттеріндегі тәуекелдерді профилдеу, заманауи аналитикалық бағдарламаларды қолдану бағытында семинарлар мен курстардан өтті. Ол алған білімін тек жинақтап қана қоймай, тәжірибеде тиімді пайдаланып, бөлімшелердің жұмысына жаңашылдық енгізді.

Бүгінде ол паралимпиадалық садақ ату спорты бойынша жаттықтырушылар мен спортшылар командасына кәсіби ментор ретінде қолдау көрсетіп келеді. Сонымен қатар оның дене шынықтыру саласы бойынша білімі бар және кәсіби спортпен айналысқан тәжірибесі бар. Бұл оған спортшылардың елеуетін ашуға, психологиялық тұрғыдан қолдау көрсетуге мүмкіндік береді.

Сара Амангелдіқызының өмір жолы – қазіргі заманғы әйелдің әскери қызметте жауапкершілікпен қызмет ете алатынын, көшбасшы бола алатынын және шекараға өз үлесін қоса алатынын дәлелдейтін жарқын мысал Отанға деген сүйіспеншілік нақты іспен өлшенетінін көрсетеді.

8 наурыз мерекесі қарсаңында Сара Амангелдіқызына және барша қазақстандық әйелдерге зор денсаулық, отбасылық амандық және қоғам игілігі жолындағы жаңа жетістіктер тілейміз.

**ҚР журналистер одағының мүшесі, подполковник Ж. КЕМЕЛ,
«OS-ЧР».
Сурет жеке мұрағаттан.**

АРУЛАР АРАЙЫ БАТЫР ҚЫЗДАР ІЗІМЕН

8 наурыз – көктемнің, мейірімнің, сұлулық пен нәзіктіктің мерекесі. Бірақ бұл күн тек гүл мен жылы лебіз ғана емес. Бұл – елге адал қызмет етіп жүрген аруларды ұлықтайтын сәт. Погон таққан, сап түзеген, Отан шебінде ерлермен иық тірестіре қызмет атқарып жүрген офицер қыздар – бүгінгі Тәуелсіздіктің шынайы тірегі.



1999 және 2000 жылдары Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Әскери институтына мектеп табалдырығынан енді ғана аттаған бойжеткендер қабылданды. Бұл – ел тарихындағы ерекше кезең еді. Екі лекпен оқуға түскен батыл қыздар «Шекаралық бақылау мамандары. Аудармашы-референттер» бағдарламасы бойынша білім алды. Ол уақытта мұндай шешім батылдық пен үлкен сенімді талап ететін.

Конкурс жоғары болды. Талап та қатаң еді. Алайда үздіктер ғана курсант атанды. Төрт жыл бойы олар ер курсанттармен бірге казармада тұрды, сапқа тұрды, әскери тәртіппен өмір сүрді. Таңғы жаттығу, оқу-жаттығу сабақтары, нарядтар, дала жиындары – бәрі ортақ. Ешқандай жеңілдік болған жоқ. Керісінше, өздерін дәлелдеу жауапкершілігі екі есе сезілді.

Олар халықаралық өткізу пункттерінде қызмет етуге дайындалды. Құжаттарды тексеруді, жолаушыларды ресімдеуді, құқықтық нормаларды қолдануды, шет тілдерін еркін меңгеруді үйренді. Қабылдау комиссиясының өзі кей жылдары қыздардың білім көрсеткіші жігіттерден жоғары болғанын атап өткен. Бұл – білімге, тәртіпке және мақсатқа деген шынайы ұмтылыстың айғағы.

Қазақ тарихы батыр қыздарға бай. Сақ патшайымы Томирис, Ұлы Отан соғысының қаһарман қыздары Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова – ерлік пен рухтың символы. Бүгінгі офицер арулар сол асыл

дәстүрдің заңды жалғасы. Олар майдан даласында емес, бірақ мемлекеттік шекара мен ұлттық қауіпсіздік жүйесінде ел тыныштығын күзетуде.

Уақыт өтті. Кеше ғана казармада сапта тұрған курсант қыздар бүгінде тәжірибелі офицерлерге айналды. Олардың бір бөлігі шекаралық бақылау бөлімдерінде қызмет атқарады, енді бірі кадр саласында, тылдық қамтамасыз етуде, штабтарда еңбек етеді. Арасында журналистика саласында жүргендері де бар. Кейбірі абыроймен зейнетке шықты. Бірақ бәрін біріктіретін бір қасиет бар – Отанға адалдық.

Әскери қызмет – тек форма мен шен емес. Бұл – тәртіп, жауапкершілік, тәуекел мен төзім. Ал осы жолды таңдаған қыздар нәзіктік пен қайсарлықтың үйлесімін дәлелдеді. Олар отбасы мен қызметті қатар алып жүріп, қоғамға үлгі бола білді. Бүгінгі жас буын үшін олардың өмір жолы – мотивация мен сенімнің символы.

8 наурыз қарсаңында біз сол алғашқы екі лек офицер аруларды шын жүректен құттықтаймыз. Сіздер – батырлықтың заманауи бейнесісіздер. Сіздер – әскери білімнің, табандылықтың, патриотизмнің жарқын үлгісісіздер.

**Лейтенант А. КИРГИЗБАЕВ,
«OS-ЧР».
Сурет редакция мұрағатынан.**

СИЛА, ВЫДЕРЖКА И БОЛЬШОЕ СЕРДЦЕ

В рядах Пограничной службы КНБ женщины давно доказали: защита государственной границы – это не только мужская профессия. Это служение, где важны характер, ответственность и внутренняя устойчивость. И именно эти качества все чаще олицетворяют представительницы прекрасной половины личного состава.

История Герстенлауэр Вероники Рудольфовны – одна из ярких примеров. Уроженка города Каскелен с юных лет мечтала связать свою жизнь с военной службой. Любовь к животным определила ее профессиональный путь – кинология стала не просто направлением службы, а настоящим призванием.

В 2000 году она была призвана на службу и вскоре начала работать инструктором служебной розыскной собаки. Ее напарницей стала черная собака по кличке «Гаша» – ласковая, дружелюбная, немного упрямая, но надежная в работе. Два года совместных нарядов, тренировок и повседневной службы сформировали крепкий тандем, основанный на доверии и взаимопонимании.

Женщина-кинолог на границе – это особая миссия. В ее руках не только поводок и команда, но и ответственность за живое существо, которое служит Родине наравне с человеком. Забота, внимание к деталям, терпение и эмоциональная чуткость помогают выстроить ту самую прочную связь, без которой невозможно воспитать по-настоящему эффективную служебную собаку.

Говорят, что со временем кинолог и его питомец начинают понимать друг друга без слов. В этом нет преувеличения. Собака – стайное животное, и для нее «стая» становится ее проводник. Чем крепче социальная связь, тем увереннее она действует в служебной обстановке. А создать такую связь способна только личность сильная, дисциплинированная и искренне преданная своему делу.

Сегодня женщины в Пограничной службе – это не только кинологи. Это контролеры, специалисты штабов, медицинские работники, связисты, аналитики. Они несут



службу наравне с мужчинами, выдерживают нагрузки, принимают ответственные решения и при этом остаются хранительницами тепла и гармонии в семьях. Их вклад в укрепление рубежей государства трудно переоценить.

В преддверии Международного женского дня хочется подчеркнуть: женщина в погонах – это сочетание твердости характера и доброты сердца. Это умение быть требовательной к себе и внимательной к окружающим. Это сила, которая не нуждается в громких словах – ее видно в делах.

От всей души поздравляем всех женщин Пограничной службы с 8 марта! Пусть служба приносит профессиональную гордость, дома всегда ждут поддержка и понимание, а в жизни будет больше радостных моментов, чем тревожных сигналов. Здоровья, благополучия и уверенности в завтрашнем дне!

**Лейтенант
Д. ЖАМУХАМБЕТОВ, «OS-ЧР».
Фото из личного архива В. ГЕРСТЕНЛАУЭР.**



ШЫҢДАЛҒАН ТҰЛҒА



Ел шебін күзету – ерлікке пара-пар міндет. Осы қасиетті қызметтің алдыңғы сапында жүрген азаматтардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаментінің «Шопанқазған» шекара бөлімшесінің старшинасы Сұңғат Асанов.

Сұңғат Бақытұлы 1985 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. 2002 жылы орта мектепті тәмамдап, 2003 жылы Отан алдындағы қасиетті борышын өтеу үшін әскери қызметке аттанды. 23 жылдық әскери қызметінің 19 жылын инженерлік-саперлік ротада өткізу – кәсіби шеберлік пен табандылықтың айқын дәлелі. Қауіпті әрі жауапты салада шыңдалған Сұңғат Бақытұлы

кез келген жағдайда салқынқанды шешім қабылдап, бөлімшенің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары нәтижелер көрсетіп келеді. Ол тәртіпке беріктігімен, тапсырмаларды мінсіз орындауымен және әріптестері арасында қалыптасқан беделімен ерекшеленеді. Жас сарбаздарға тәлімгерлік жасап, әскери антқа адалдықтың мәнін ісімен дәлелдеп жүрген тәжірибелі маман.

2023 жылы «Жаңадария» шекара бөлімшесінде техника қызметін абыроймен атқарып, жауапкершілігі мен кәсіби біліктілігінің арқасында 2025 жылы «Шопанқазған» шекара бөлімшесінің старшинасы лауазымына тағайындалды. Старшина ретінде бөлімшенің жауынгерлік әзірлігіне, техникалық жарақтануына және күнделікті қызметтің үйлесімді ұйымдастырылуына ерекше мән беріп келеді. Қарамағындағы жеке құрамның кәсіби шеберлігін арттыру, әскери-патриоттық рухты нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде. Старшина ретінде бөлімшенің жауынгерлік әзірлігіне, техникалық жарақтануына және күнделікті қызметтің үйлесімді ұйымдастырылуына айрықша көңіл бөледі. Сұңғат Бақытұлының қызмет жолы Қызылорда облысы аумағындағы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісімен тығыз байланысты. Әсіресе «Жаңадария» шекара бөлімшесіндегі кезеңі оның тәжірибесін шыңдап, техникалық қызметті жетілдіруге серпін берді. Осы еңбегі кәсіби тұрғыдан бағаланып, жауапты лауазымға тағайындалуы заңды жалғасын тапты.

Әскери өулет қалыптастырып келе жатқан әке ретінде ол ұлына Отанға қызмет етудің мәнін, шекара күзетінің абыройлы міндет екенін ұғындырып келеді. Сұңғат Бақытұлы – қызметте талапшыл, өмірде парасатты, отбасында өнегелі әке. Бүгінде оның үлкен ұлы әскер қатарынан оралып, әке жолын жалғастырып, шекара қызметіне қабылдану үшін қажетті құжаттарын жинауда. Бұл – Отан қорғау дәстүрінің ұрпақ сабақтасығымен жалғасып келе жатқанының жарқын көрінісі.

**Аға лейтенант
Ә. ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ҮЗДІК ҚОЙМА БАСТЫҒЫ



Мемлекеттің айбыны – оның айбынды әскері, ал әскердің қуаты – тәртіп пен тиянақтылықта. Осындай жауапты міндетті абыроймен атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – 2025 жылдың қорытындысына сай ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментінің «Үздік қойма бастығы» атанған Мейрам Даржанов. Ол 1980 жылы Ақтөбе облысы, Алға ауданына қарасты Бессарап ауылында дүниеге келген. Бала жастан еңбекқорлық пен жауапкершілікті бойына сіңіріп өскен ол өмір жолын әскери қызметпен байланыстыруды таңдады.

1999-2001 жылдары Қытаймен шекарада орналасқан Жаркент шекара отрядында мерзімді әскери қызметін атқарып, шекара шебінде шыңдалды.

Әскерден кейін біраз уақыт мектепте дене шынықтыру пәнінің мұғалімі болып еңбек етті. Алайда әскери өмірге деген сүйіспеншілік оны қайтадан сапқа екедді.

2002 жылдан бастап келісімшарт негізінде Шекара қызметі қатарында үздіксіз қызмет етіп келеді. Әр жылдары түрлі лауазымдарды абыроймен атқарып, кәсіби біліктілігімен ерекшеленді. Бақылау-өткізу пунктінде бақылаушы болып жүргенінде бірнеше рет есірткі заттарын және заңсыз мигранттарды ұстауға қатысып, қырағылығы үшін бастылық тарапынан грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. «Үздік бақылаушы» атағын иеленуі – соның айғағы.

Бүгінде Ақтөбе қаласындағы Шекара қызметінде бөлімше командирі – қойма бастығы қызметін атқарады. Қойма жұмысы – аса дәлдікті, есеп пен жауапкершілікті талап ететін сала. Осы бағыттағы мінсіз қызметі үшін 2025 жылғы қызметтік-жауынгерлік қызмет қорытындысымен «Үздік қойма бастығы» деп танылды.

Мейрам Даржанов спортты бала күнінен серік еткен. Ол Ақтөбедегі Қ.Жұбанов атындағы университеттің дене шынықтыру және спорт факультетін тәмамдаған. Спорт – оның өмірлік ұстанымы, ішкі тәртібінің тірегі. 2024 жылы тренажер залы нұсқаушысының базалық деңгейдегі курсына аяқтап, кәсіби деңгейін көтерді. Ол G-Strong, дуатлоң, экидең, триатлоң, «Тау-400» гір тасын көтеру және кроссфит сайыстарына қатысып, төзімділік пен қайсарлықтың үлгісін көрсетіп келеді.

Мейрам Нурғалиевич үшін спорт – тек жеке әуестік емес, әскери дайындықтың маңызды бөлігі. Функционалдық дайындықтың ең тиімді бағыттарының бірі – кроссфит жүйесі. Бұл – жоғары қарқынды күштік және аэробтық жаттығуларды үйлестіретін кешенді дайындық.

Аптаның сейсенбі және бейсенбі күндері дене даярлығына бөлінген уақытта ол әскери қызметшілермен бірге кардиожаттығуларды кроссфит элементтерімен ұштастырып өткізеді.

Мейрам Даржанов – төрт баланың әкесі, өнегелі отағасы. Бұл отбасы үшін спорт – күнделікті өмірдің ажырамас бөлігі. Жұбайы түрлі марафондарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. 2021 жылдың 1 қаңтарында 21 шақырымдық жартылай марафонды жүгіріп өтуі – нағыз табандылықтың көрінісі.

Ұлы мен қызы ұзақ уақыттан бері бокспен айналысып, жақсы нәтижелер көрсетіп жүр. Балалары үшін әке – әскери тәртіптің, табандылықтың және еңбекқорлықтың үлгісі.

Ел шебін күзеткен жауынгер, ұрпаққа үлгі болған ұстаз, спортпен шыңдалған әке – оның болмысы осындай. Тәртіп пен табандылықты ту еткен әскери қызметші үшін Отанға адал қызмет ету – ең биік мәртебе.

**Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕΝІМ



ҚР ҰҚК ШҚ Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Мақтаарал ауданы бойынша шекара басқармасының «Арнасай» шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып жүрген сержант Ералы Садиров – әскери тәртіп пен кәсіби шеберлікті ұштастыра білген шекарашы.

Садиров Ералы 1981 жылғы наурыз айында Өзбекстан Республикасының Ташкент облысы Шыназ ауданындағы Жамбыл совхозының Қалғансыр елді мекенінде дүниеге келген. 1987 жылы №39 С. Сейфуллин атындағы орта мектептің табалдырығын аттап, 1998 жылы аталмыш мектепті тәмамдады. 1999–2001 жылдары Отан алдындағы азаматтық борышын өтеп, әскери өмірдің алғашқы мектебінен өтті.

Әскер қатарынан оралған соң біраз уақыт ауыл шаруашылығымен айналысқан ол 2007 жылы саналы түрде шекара қызметін таңдады. Осы

жылы «Ордабасы» шекара бөлімшесіне аға радиотелефоншы лауазымына қабылданып, байланыс саласында жауапты міндеттерді атқарды. 2010 жылы «Бимырза» шекара бөлімшесінде топ бастығы болып тағайындалып, жеке құрамды басқару, қызметті үйлестіру бағытында тәжірибе жинақтады. 2015 жылдан бастап «Арнасай» шекара бөлімшесінде жүргізуші лауазымында қызмет атқарып келеді.

Ералы Жамбыловичтың қызмет жолы – тұрақтылық пен сенімнің көрінісі. 2025 жылғы жауынгерлік қызмет қорытындысы бойын-

ша оның тікелей қатысуымен мемлекеттік шекара режимін бұзудың 20-дан астам дерегі дер кезінде анықталып, жолы кесілді. Бұл – оның қырағылығы мен кәсіби дайындық деңгейінің айқын дәлелі.

2007 жылы шаңырақ көтерген Ералы бүгінде 4 қыз, 2 ұл тәрбиелеп отырған ардақты әке. Жұбайы Шолпан Смайлова 1988 жылы қазан айында Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара қаласында дүниеге келген. 2012 жылдан бері Шардара аудандық орталық ауруханасында мейірбике болып еңбек етеді.

Отбасындағы жауапкершілік пен әскери тәртіп – оның өмірлік қағидалары. Әскери ортада да, шаңырағында да талап пен тәртіпті бірінші орынға қоятын сержант Садиров жас буынға үлгі боларлық тұлға.


Мемлекеттік шекараны күзету – үлкен сенім мен жауапкершілікті талап ететін қасиетті міндет. Осы міндетті адал атқарып жүрген «Арнасай» шекара бөлімшесінің барлаушы-жүргізуші сержант Ералы Садировтың қызмет жолы – табандылық пен кәсіби адалдықтың нақты көрінісі.

Шекара – ел тыныштығының қалқаны. Ал сол қалқанды нық ұстап тұрған шекарашының бірі – Ералы Жамбылович.

**Подполковник
Р. АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Сурет шекара бөлімшесінен.**



«ЖАЙСАН» ШЕБІНДЕГІ ҮЗДІК КИНОЛОГ



Мемлекеттік шекара – ел тәуелсіздігінің айнасы. Сол айнаға сызат түсірмеу үшін шекара шебінде тәулік бойы қырағылық танытатын жауынгерлер бар. Олардың қызметі көзге көп көріне бермейді, бірақ дер кезінде қабылданған әрбір шешім – тұтас мемлекеттің қауіпсіздігіне қосылған үлес.

2025 жылдың қорытындысы негізінде ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаменттің «Үздік іздеу итінің аға нұсқаушысы» атағына ие болған «Жайсан» шекара бөлімшесінің екінші мобильді тобының аға нұсқаушысы кіші сержант Айдос Мадияров – осындай кәсіби мамандардың бірі.

Айдос Мадияров 1991 жылы Ақтөбе облысы, Мәртөк ауданы, Целинный ауылында дүниеге келген. 2010 жылы мектепті аяқтаған соң ҚР Қарулы күштерінің 21450 әскери бөлімінде мерзімді қызмет өткерді. Әскердегі тәртіп пен жауапкершілік оның болашақ кәсіби жолына бағытбағдар берді. Осылайша 2018 жылдың 5 желтоқсанынан бастап Шекара қызметінде.

Қызмет барысында ол сапалы әрі дер кезінде заңды шешім қабылдай білетін, біліктілігі жоғары маман ретінде танылды. Жауапкершілігі мен кәсіби шеберлігінің

нәтижесінде 2 мемлекеттік шекара бұзушыны, 3 мемлекеттік шекара режимін бұзушыны ұстауға қатысып, нақты нәтижемен көзге түсті. Осы жетістіктері үшін 2025 жылғы департаменттің қорытындысымен «Үздік іздеу итінің аға нұсқаушысы» атағын иеленді. Бұған дейін де үлгілі тәртібі мен мінсіз қызметі үшін департамент бастығы мен басшылық құрам тарапынан бірнеше мәрте марапатталған.

Айдостың сенімді серігі – 2018 жылы туған неміс овчаркасы Прайс. Қызметтік иттің көмегімен шекара бөлімшесінде 4 мемлекеттік шекара бұзушы ұсталды. Кинолог пен қызметтік ит арасындағы үйлесімділік – табыстың басты кепілі. Ізге түскен сәттегі жинақылық, бұйрықты бұлжытпай орындау, қауіп төнген жағдайдағы батыл әрекет – мұның бәрі жүйелі дайындық пен күнделікті еңбектің жемісі.

Кіші сержант Айдос Мадияров – қызметте талапшыл маман болса, отбасында ардақты әке. Жарымен бірге екі қыз тәрбиелеп отыр. Үлкені – 4 сынып оқушысы, кенжесі – 5 жаста. Ол – шекара шебінде елдің қорғаны, ал шаңырағында отбасының тірегі.

Шекара – қырағылықты сүйеді. Ал қырағылық кәсібіне адал, ісіне мығым мамандардың қолынан ғана келеді. Айдос Мадияровтың қызмет жолы – осыған дәлел.

Аға лейтенант
Ж. ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.

Абыроймен еңбек етіп жүрген жандардың бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі ШҚО бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша шекара басқармасы Тәрбие, идеологиялық және кадрлық жұмыстары бөлімі бастығының көмекшісі кіші сержант Юлия Шамшура.

Юлия Валерьевна 1986 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласында дүниеге келген. Балалық шағы Марқакөл ауданы, Марқакөл ауылында өтіп, сол жердегі орта мектепті тәмамдайды. Білімге деген құштарлығы оны 2004–2008 жылдары Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетіне жетелейді. «Электроэнергетика» мамандығы бойынша жоғары білім алған ол, азаматтық салада қызмет ету мүмкіндігі бола тұра, тағдырын шекара қызметімен байланыстыруды жөн санайды.

2012 жылдан бастап Күршім ауданы бойынша шекара басқармасында әскери қызметін абыроймен атқарып келеді. Алғашқы еңбек жолын «Мойылды» шекара бөлімшесінде радиотелефоншы ретінде бастаған жас маман кейін «Теректі» шекара бөлімінде осы лауазымда қызметін жалғастырды.

2020 жылдан бастап тәрбие,

идеологиялық және кадрлық жұмыстары бөлімі бастығының көмекшісі лауазымына тағайындалды. Бұл – үлкен сенім мен мол жауапкершілікті жүктейтін қызмет. Кадр саласының негізгі міндеті – мамандарды іріктеу, оларды Шекара қызметіне қабылдау, қызметтік жолын үйлестіру және ұжымдағы кәсіби ахуалды нығайту. Юлия Валерьевна әрбір әскери қызметшімен тығыз жұмыс жүргізіп, олардың моральдық-психологиялық жағдайына ерекше көңіл бөледі. Ұжым ішіндегі ауызбіршілік пен өзара сенімді қалыптастыруға сүбелі үлес қосып келеді.

Отбасы – әр адамның тірегі. 2007 жылы шаңырақ көтерген Юлия Валерьевна – аяулы жар, мейірімді ана. Жұбайы старшина Дмитрий Шамшура 1998 жылдан бері шекара қызметінде еңбек етіп келеді. Қазіргі таңда аталған шекара басқармасының ұтқыр іс-қимылдар бөлімінде техник қызметін атқарады. Екі бала тәрбие-

леп отырған бұл отбасы үшін шекара қызметі – жай ғана жұмыс емес, ортақ өмірлік таңдау.

Юлия Валерьевна қоғамдық өмірге де белсенді араласады. Күршім ауданы бойынша шекара басқармасының мәдени іс-шараларына ұдайы қатысып, ұжымның рухани өміріне серпін береді. Әйелдер кеңесінің мүшесі ретінде әскери қызметтегі әйелдердің мәртебесін арттыруға, олардың құқықтары мен әлеуметтік мәселелеріне назар аударуға атсалысып келеді.

Ерен еңбегі ескерусіз қалған емес. ҚР ҰҚК Шекара қызметі директорының бағалы сыйлығымен, сондай-ақ ШҚО бойынша департамент бастығының алғыс хаттары және мақтау грамоталарымен марапатталған. Бұл – табанды еңбектің, адал қызметтің айқын көрінісі.

Подполковник
F. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.

ЕЛЕУЛІ ЕҢБЕК




А ЗНАЕТЕ ЛИ ВЫ?

Торыш – удивительное место и одна из визитных карточек Мангистау. По огромной территории разбросаны тысячи каменных шаров диаметром от 1 до 3 метров, и поэтому это место также известно, как «Долина шаров».

Кажется, будто великаны создали их для игры боулинг, бильярд или гольф. Но благодаря ученым мы знаем, что эти чудеса природы имеют естественное геологическое происхождение.

Если говорить научным языком, все эти шарообразные камни являются «конкрециями», то есть образовались путем нарастания минералов или минеральных веществ вокруг неких тел. Это были зубы акул, ракушки, камни, растения и другие предметы, которые стали магнитом для минералов в воде океана Тетис. Постепенно, слой за слоем, вокруг тела нарастали новые минеральные отложения, которые потом постепенно окаменели. Благодаря однородности среды, в которой росли конкреции, они приняли шарообразную форму. Если



УДИВИТЕЛЬНАЯ ДОЛИНА

среда была другой, неравномерной, то и конкреции вырастали измененными, чаще всего сплюснутыми.

Через миллионы лет дно океана Тетис поднялось, а за следующие миллионы лет более мягкие породы земли под действием эрозии ушли вниз, и на поверхность поднялись гигантские каменные шары. По расчетам ученых, возраст камней в долине шаров Торыш составляет от 40 до 60 миллионов лет.

Существует народная версия происхождения гигантских каменных шаров: это ядра от пушки древнего батыра. Согласно другой легенде, шары – это полчище врагов, обращенное в камень. Считается, что это сакральное место силы, а шары обладают особой энергией.

Долина шаров Торыш – удивительное место, но не уникальное. Похожие конкреции были найдены по всему миру. Самые известные: валуны Моераки в Новой Зеландии, остров Чамп на архипелаге Земля Франца-Иосифа в России, пляж шаров для боулинга в Калифорнии, США.

Однако, именно в Мангистау расположено самое большое скопление огромных камней – они раскиданы по территории в несколько километров, а их количество исчисляется тысячами.

Попасть в долину шаров Торыш довольно просто – необходимо проехать 105 км на север от Актау по асфальтированной дороге, в сторону поселка Таушик, а затем свернуть направо, и еще 7-8 км по грунтовой дороге, к одному из скоплений камней. Таким образом, для поездки на Торыш нужен внедорожник.

Несомненно, что Долина каменных шаров – это топ и абсолютное первое место среди всех достопримечательностей Мангистауской области. Поэтому, если будете в Мангистауской области, обязательно посетите эту локацию – она точно не оставит вас равнодушными.

Капитан
A. ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото из свободного доступа сети интернет.



ШЕКАРА РУХЫНА АДАЛ ОФИЦЕР

Отан алдындағы борыш – сөзбен емес, іспен дәлелденетін қасиетті ұғым. Осы ұғымды өмірлік ұстанымына айналдырған азаматтардың бірі – полковник Ерлан Иманалиев. Жақында орталық аппаратта ардагер шекарашыны құрметті еңбек демалысына шығарып салу салтанатты шарасы өтті. Шарада Шекара қызметінің директоры генерал-майор Е.Алдажұманов ардагерге құрмет көрсетіп сый-сыяпат жасады. Сондай-ақ ҚР ҰҚК Төраға аппаратынан және Шекара қызметінде бірге қызметтес болған әріптестері жылы лебіздерін білдірді.



Ерлан Исхақұлы әскери өмірге жастайынан қадам басты. 1988 жылы Бауыржан Момышұлы атындағы әскери мектепті аяқтап, офицер болуға нық шешім қабылдады. 1992 жылы Ленинградтағы жоғары әскери-саяси әуе қорғанысы училищесін тәмамдап, алғашқы «лейтенант» офицерлік атағын алды. Дәл осы кезеңде жас тәуелсіз мемлекетіміздің шекара қызметі қалыптасу жолында еді. Ерлан Исхақұлы сол жауапты шақта Қазақстан шекара әскерінің сапына қосылып, өмірін ел қауіпсіздігіне арнады.

Алғашқы лауазымдары – застава бастығының орынбасары, кейін застава бастығы, комендатура коменданты. Бұл қыз-

меттерде ол тек басқарушы ғана емес, тәрбиеші, тәлімгер бола білді. Жеке құраммен жұмыс істеу, әскери тәртіпті нығайту, әлеуметтік-құқықтық мәселелерді шешу – оның қызметінің негізгі бағытына айналды. Қай бөлімде болмасын ұжым бірлігі мен жауынгерлік дайындықты басты орынға қойды.

1999 жылы Тәжік-ауған шекарасында арнайы шоғырланған батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс жөніндегі орынбасары ретінде қызмет атқарды. Бұл – оның өміріндегі ең жауапты кезеңдердің бірі. Таулы аймақтағы күрделі жағдай, қауіп-қатерге толы күнделікті қызмет, тұрақсыз ахуал – мұның бәрі офицерден ерекше тәзімділік пен батылдық талап етті.

Кейінгі жылдары оның қызметі ауқымды басқарушылық деңгейге көтерілді. Әскери бөлім командирі, өңірлік басқармалар басшысының орынбасары, штаб бастығы сынды жауапты лауазымдарды атқарды. Батыс, Солтүстік, Оңтүстік бағыттарында қызмет ете жүріп, әр аймақтың ерекшелігін терең меңгерді. Жауынгерлік даярлықты жетілдіру, басқару тиімділігін арттыру, кадрлық әлеуетті нығайту бағытында жүйелі жұмыс жүргізді. Ол үшін әрбір шекара бекеті – ел қауіпсіздігінің тірегі, ал әрбір әскери қызметші – мемлекет сенімін арқалаған сарбаз еді.

Орталық аппараттағы қызметінде де ұйымдастырушылық қабілеті айқын көрінді. Ақпараттық технологиялар бағытын басқару кезеңінде басқару үдерістерін жетілдіруге үлес қосты. Кейін шекаралық ынтымақтастық саласында еңбек етіп, халықаралық байланыстарды жүйелеуге атсалысты. Бұл



бағыттағы жұмысында да артық сөзге емес, нақты нәтижеге басымдық берді.

Бүгінде ол құрметті зейнет демалысына шықты. Дегенмен шекарадағы ұзақ жылғы қызмет, талай сыннан өткен офицерлік тәжірибе – жас буынға өнеге болып қала бермек. Шекара – мемлекеттің шебі ғана емес, оның тәуелсіздігінің айғағы. Ал сол шепті күзеткен азаматтардың еңбегі ешқашан ұмытылмайды.

Подполковник Ж. КЕМЕЛ.
Суретті түсірген қатардағы
Д. ҚУАНЫШЕВ, «OS-ЧР».

СПЕЦИАЛИСТ

В строю она держится уверенно и спокойно. В ее голосе – мягкость, но в решениях – твердость. Младший сержант Дина Курмангалиева, начальник склада группы обеспечения связи Департамента ПС КНБ по Северо-Казахстанской области – одна из тех женщин в погонах, о которых особенно хочется рассказать в преддверии 8 марта.

Ее путь к службе не был случайным. Родилась она 3 августа 1986 года в поселке Куйбышевский Куйбышевского района Кокчетавской области. Окончив в 2003 году Новошишскую казахскую среднюю школу №3, выбрала вполне гражданскую специальность – финансы. В 2008 году получила диплом Алматинской академии экономики и статистики. Казалось бы, впереди – стабильная карьера экономиста. Но работа в отделе по делам обороны района имени Г. Мусрепова, куда она устроилась в 2005 году, изменила ее жизненные ориентиры.

Каждый день, сталкиваясь с военной дисциплиной, с людьми в форме, с ответственностью за безопасность страны, она все больше ощущала: ее место – в строю. В июне 2014 года Дина Толеуовна призвалась в воинскую часть 2032 Пограничной службы КНБ на должность помощника начальника отделения строевого и кадров.

Служба требовала не только аккуратности в документах, но и внутренней собранности, умения работать в условиях повышенной ответственности. После выхода из декретного отпуска ее перевели в Управление службы правительственной связи КНБ по СКО. А в 2022 году, после организационных изменений, она была назначена начальником склада группы обеспечения связи.

На первый взгляд – склад. Но за этим словом стоит сложная и точная система учета, хранения и обеспечения средствами связи, от которых напрямую зависит бесперебойная работа подразделений. Каждая единица оборудования, каждый документ – часть большой цепи, обеспечивающей безопасность страны. И в этой системе младший сержант Д. Курмангалиева – надежное звено.

Понимая, что современная служба требует технической грамотности, в 2021 году она окончила Гуманитарно-технический колледж по специальности «Радиотехника, электроника и телекоммуникации», а также прошла переподготовку по направлению «Основы радиоэлектроники и связи».

За годы службы Дина Толеуовна неоднократно поощрялась руководством. Благодарности за разработку и поддержание документов боевой и оперативно-служебной готовности, за личный вклад в организацию боевого дежурства, за высокий уровень дисциплины и инициативность. Грамоты по итогам служебно-боевой деятельности.

СЛУЖБА, ДОЛГ И СЕРДЦЕ МАТЕРИ



Но, пожалуй, особая сила этой женщины – в умении гармонично сочетать службу и материнство. Дома ее ждет дочь Аяулым – ученица 3 «Б» класса. Она занимается народными танцами, имеет оранжевый пояс с полоской по кекусинкай-карате, готовится к чемпионату Казахстана среди девушек и осваивает домбру. В этих достижениях – поддержка и воспитание матери, которая своим примером учит не бояться трудностей и идти вперед.

Сегодня женщины в погонах – это уже не редкость, а уверенная и профессиональная сила в рядах силовых структур. Они работают со сложной техникой, несут дежурство, принимают ответственные решения. Они доказывают, что преданность присяге, дисциплина и профессионализм не зависят от пола.

«Я патриотка своей Родины, горжусь своей страной, горжусь своей службой», – говорит младший сержант. И в этих словах – не пафос, а спокойная уверенность человека, который сделал осознанный выбор.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР».
Фото из личного архива Д. КУРМАНГАЛИЕВОЙ.



МЕСЯЦ ДО ПРИКАЗА В ЗАПАС

Солдат служит на посту технического наблюдения «Алтын құм» в должности оператора радиолокационной станции. До увольнения в запас Аманату остался всего один месяц. Мы поговорили с ним о буднях армейской службы, о переживаниях и волнениях, которые он испытывает перед возвращением домой.

– **Аманат, откуда Вы и каким заповнили свой первый день в армии?**

– Я родом из села Комекши Казталовского района Западно-Казахстанской области. Первый день помню хорошо: мы приехали в учебный центр первого дивизиона береговой охраны. Все было непривычно и не совсем понятно, я очень волновался. Сначала служба казалась строгой и сложной. Но уже через пару недель привыкаешь и начинаешь осваиваться. На самом деле все просто: главное – соблюдать распорядок дня и выполнять задачи, поставленные офицерами и сержантами.

– **Почему выбрали именно пограничную службу?**

– Честно? Хотелось чего-то нового. Когда в военкомате предложили служить в Пограничной службе, я сразу согласился и не жалею о своем выборе. Здесь, на границе, особенно понимаешь, что за тобой стоит страна. Это придает службе особый смысл и заставляет чувствовать реальную ответственность.

– **В чем особенность службы на морской границе?**

– В море погода непредсказуема: может внезапно измениться скорость и направление ветра, опуститься туман или начаться дождь. Это создает дополнительные помехи для станции, поэтому оператору нужно

быть очень внимательным, корректировать настройки, вводить новые данные. Наша задача – не допустить незаконный вылов рыбы, перевозку запрещенных веществ и незаконное пересечение границы.

– **Что вы чувствуете, когда заступаете на дежурство?**

– Сосредоточенность. Когда сидишь за пультом, понимаешь: малейшая ошибка может дорого обойтись. Поэтому учишься быть внимательным к деталям. Радиолокационная станция – наши «глаза» в море. Она помогает увидеть то, что невозможно различить обычным взглядом.

– **Как проходит обычный день на посту?**

– Все просто: служба, поддержание порядка, обслуживание техники, дежурства, бытовые дела. Со мной служат еще шесть ребят – у каждого своя задача. Есть дизелист-электрик, который отвечает за электрооборудование и работу дизельного агрегата, есть повар, который готовит нам еду, остальные – такие же операторы, как и я. Мы стараемся помогать друг другу, так задачи решаются быстрее и всем становится легче.

– **Бывает тяжело?**

– Первый месяц на посту было сложно, но со временем, когда все изучил, стало легче. Конечно, скучаю по родным. Но до окончания службы осталось меньше месяца, и это придает сил. Вдали от семьи начинаешь по-настоящему ценить родителей, близких и друзей.

– **Что самое ценное в службе?**

– Сослуживцы. Когда рядом надежные люди, любые трудности преодолеваются проще. Мы делим и службу, и обычные солдатские разговоры по вечерам. Думаю, на гражданке буду по ним скучать.

– **До приказа – месяц. Какие мысли?**

– Чувства смешанные. С одной стороны, ждешь встречи с семьей. С другой – понимаешь, что это время уже не повторится. Хочется достойно завершить службу и сохранить дружбу с ребятами.

– **Изменила ли Вас армия?**

– Однозначно. Я стал спокойнее и увереннее, начал больше ценить простые вещи – разговор с родными, поддержку близких. Служба на границе – это настоящая школа жизни.

– **Планы после армии?**

– Буду помогать отцу по хозяйству. Мы разводим лошадей и коров. Мне нравится работать на родной земле. Думаю, армейская закалка в этом поможет.

– **Что бы Вы сказали тем, кто только собирается служить?**

– Не бояться. Армия – это возможность поверить в себя. Когда ты вдали от родных и на тебе личная ответственность, человек внутренне собирается, становится дисциплинированным. Именно это я понял на границе.

– **Спасибо за содержательную беседу.**

Каспийское море шумит за пределами поста, на экране монитора – спокойная обстановка. До приказа остается месяц. Но уже сейчас ясно, что армию ефрейтор Аманат Айтболатов запомнит на всю жизнь. Потому что служба – это ответственность, закалка и настоящая мужская дружба.

Беседовал
капитан
А. ЖАНАЛИПОВ,
«OS-ЧР». Фото автора

В Пограничном управлении по Каракианскому району Департамента ПС КНБ по Мангистауской области проходит срочную службу ефрейтор Аманат Айтболатов.



ЖІГЕРІН ШЫҢДАҒАН «ҚАЛҚАН–2026»

Алматы қаласында өткен «Қалқан–2026» қысқы спартакиадасы жас шекарашылардың әскери-спорттық даярлығы мен патриоттық рухын айқын көрсетті. Еліміздің түкпір-түкпірінен жиналған жас спортшылар тартысты бәсекеде бақ сынап, күш-жігері мен төзімділігін дәлелдеді. Аталған додада Шығыс Қазақстан облысының «Жас шекарашылары» жоғары нәтижелерімен көзге түсті.



Қысқы спартакиаданың салтанатты ашылу рәсімі жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Дәстүрлі жарысты ҚР Қарулы күштерінің Ұлттық әскери-патриоттық орталығы, Армия орталық спорт клубы және «Жас сарбаз» республикалық балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы бірлесіп өткізді. Шараның басты мақсаты – өскелең ұрпақтың бойында отансүйгіштік сезімді нығайтып, әскери-қолданбалы спорт түрлеріне қызығушылығын арттыру.

Биылғы бәсекеге еліміздің 17 өңірінен келген 72 жас спортшы қатысып, өз өңірлерінің намысын қорғады. Жарыс бағдарламасына президенттік көпсайыс жаттығулары, үш шақырымдық шаңғы жарысы және пневматикалық мылтықтан оқ ату сайыстары енгізілді. Командалық есеп спортшылардың жинаған ұпай санына қарай анықталды.

Аталған жарысты Шығыс Қазақстан облысының намысын ҚР ҰҚК ШҚ ШҚО бойынша департаменті Күршім ауданы бойынша Шекара басқармасының «Жас шекарашылары» қорғады. Тартысты дода қорытындысы бойынша 17 команданың ішінде ШҚО құрамасы 4-орынға табан тіреді.

Сонымен қатар жекелей сіндарда шығыстық жас спортшы-

лар жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Белтемірде тартылудан Арнұр Мұқанов 1-орын иеленсе, шаңғы жарысынан Шалқар Сәлімбек 3-орынға қол жеткізді. Қыздар арасында пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысында Ақнұр Оралбек 2-орынды жеңіп алып, шаңғы жарысында да 3-орыннан көрінді. Сондай-ақ ол жалпы жекелей есепте күміс жүлдеге ие болып, жарыстың үздік спортшыларының қатарынан табылды.

Айта кетейік, «Қалқан» қысқы спартакиадасы биыл бесінші рет өткізіліп отыр. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын бұл жарыс жас сарбаздар мен жас шекарашылардың әскери-спорттық даярлығын жетілдіріп қана қоймай, олардың бойында тәртіп, табандылық және Отанға адал қызмет ету сияқты асыл қасиеттерді қалыптастыруға зор үлес қосып келеді.

Жалпы алғанда, «Қалқан–2026» қысқы спартакиадасы жас буынның әлеуетін айқындап, ел қорғаны болар өрендердің дайындығын шыңдаған маңызды дода ретінде есте қалды.

Подполковник
Ф. БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Сурет департаменттен.



Әскерден хат

Сәлеметсіздер ме, менің қышбаттарың
Қышбатты отбасың, сіздерге алыстағы әскери бөлімнен
сәлем жолдаймын. Қызмет оңай емес, бірақ Отан аяғындағы
борышымды абыроймен атқарып жүргеніме қуаныштымын.
Сіздерді қатты сағандым, әр кеш сайын үйдегі нәзік
сәттерді есіме алып, өздеріңізбен қайта қауымдасты
күнді армандаймын.

Баршаңызды Аңыз айту күнімен шын жүректен құттықтап
мын. Әр күнімізге, аман-саулығымызға, бір-бірімізге
деген сүйіспеншілігімізге шүкіршілік етейік. Ғымысша
ғашық бен бірлігіміз нығайтып, маңырашымыздан
береке кетпесін.

Анашым мен апатайымды 8 наурыз-Халықаралық әйелдер
күнімен құттықтаймын. Сіздердің мейірімдеріңіз бен
нәзік сөздеріңіз маған ардайып күш береді. Дендері-
ңізге саулық, жүректеріңізге қуаныш тілеймін, мен үшін
уайымдамаңыздар, мағын арада аман-есен орамалымын.

ҰҚК ШҚ Жетісу облысы БШ
Департаментінің Аяқол ауданы
Бойынша шекара басқармасы
"Маланаһкөл" шҚБ сарбазы
Дүйсенов Ақсар Талғатұлы

**ҚҰРМЕТ КӨРСЕТ
КҮН САЙЫН**



**Аға лейтенант
Мерлан БЕКБОЛАТОВ**

Таудай биік деп жүрсен де өз бағам,
Әйелдерсіз ердің аты озбаған,
Әйел деген таусылмайтын тақырып,
Қанша ақын жырласа да тозбаған.

Санаңа сәл түсірсен де салмақты,
Әйел жайлы ойлау керек жан-жақты,
Перзенті үшін отқа кірер, ойланбай,
Әйел деген анашың ғой, ардақты.

Көкте күнге, жерде гүлге теңесем,
Әйел жайлы артық айттың деме сен!
Әйел әпкең, қарындас пен келінің,
Әйел сенің ақ пейілді жеңешен.

Шуақ шашып жүретұғын ұдайы,
Әйел деген көңілдердің күн-айы,
Әйел деген махаббат қой мәңгілік,
Сүйсе әйел сүйеді тек шынайы.

Аямайды ол нәзік жанын ел десе,
Тәңірден соң соған табың, ендеше,
Әлия мен Мәншүк болып, Хиуаз боп,
Отан үшін отқа түскен ол кеше!

Теңеу таппай шарлап жүріп жер-көкті,
Әйелдер деп айттық аңыз-ертекті,
Жөнге салып талай телі-тентекті,
Әйел туған нағыз мықты еркекті!

Сол түзейді мінезінде мін болса,
Сол сүртеді көңіліңе кір қонса,
Күнде солай жатқаннан соң жалғасып,
Байқалмайды оның бәрі бізге онша.

Сәні кірген көркі қашқан бақтардың,
Жақсы күнде жан сырымды ақтардым,
Әйелдердің мерекесі дегенде,
Көңіл түгіл еридi өзі ақ қардың.

Әйел жайлы жалғасын деп әнді, ізгі,
Әлдилейді әрбір атқан таң бізді,
Күліп жүрсін, құрмет көрсет күн сайын,
Күтіп жүрмей сегізінші наурызды!



OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі:
Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38

Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_pogran@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты:
gov.kz/memleket/entities/shekaraklb
Бас редактор: Рахат Нұрғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин

Компьютерлік безендіру және беттеуші:
Нұрхан Кабдулов
Корректорлар: Өркен Шопашев
Нөмірдің кезекші редакторлары:
Олжас Жақсылықов, Диас Жамұхамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күәлікті 2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген.
"OS-4P" газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.